Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

23 шілде сенбі
№58 (1863)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕН БЕРДІ, АЙМАҚ ҚАЛАЙ ОРЫНДАП ЖАТЫР?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан бір апта бұрын үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді. Сол жиында үкіметтің жұмысына орташа баға беретінін және халықтың табысын арттыру, бағаны тұрақтандыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті. Президент негізге алған бағыттар бойынша Сыр өңірінде қандай жұмыс атқарылуда?

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ ҮШІН НЕ ІСТЕМЕК КЕРЕК?

Үкімет отырысында Мемлекет басшысы инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отырғанын және бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер еткенін айтып өтті. Шынтуайтына келгенде, бағаны тұрақтандыру бойынша Қызылордада атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев қазір тұрақтандыру қорында 796,2 тонна өнім бар екенін мәлім етті.

Бағаны тұрақтандыру мақсатында аймақта өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Өнім қорларын қалыптастыру мақсатында облыстық бюджеттен соңғы үш жылда 3,9 млрд теңге бөлінді. Сонымен бірге айналым сызбасы аясында 20 келісім шарт негізінде кәсіпкерлерге 1143 млн теңге қаржы қарыз ретінде берілді. Қарыз алған кәсіпкерлер 9584,5 тонна өніммен қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелерге қол қойған. Тұрақтандыру қорының өнімдері және айналым сызбасы шеңберінде қарыз алған кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдері 38 әлеуметтік дүкен және облыс орталығының 17 ірі сауда үйінің әлеуметтік бұрыштары арқылы сатылады. Форвардтық негізде келісім шарттар жасақталып, өңірлік тұрақтандыру қорына барлығы 1050 тонна картоп, 450 тонна жуа, 150 тонна сәбіз, 150 тонна қырыққабат сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Қант бағасын тұрақтандыру және жетіспеушілігін болдырмау мақсатында өңірге тікелей «Көксу» қант зауытынан және «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы ҰК» АҚ арқылы қант жеткізу бойынша жұмыс жолға қойылды. Жыл соңына дейін 3155 тонна қант сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар нан бағасын арзандату мақсатында «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 7 айға 14317 тонна астық бөлінді. Ұн өндіруші кәсіпорын арқылы облысқа 3674,6 тонна ұн келіп, оның 3532,7 тоннасы ірі наубайханаларға бөлке нанды төмендетілген бағада сату үшін мақсатты түрде берілген.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбековтің сөзіне сүйенсек, жыл басынан бері 17 сауда нысанындағы азық-түлік бағаларына қатысты жоспардан тыс тексеру тағайындалған көрінеді. Қазір 10 нысан тексеріліп, оның 8-де заң бұзушылық анықталып, әкімшілік шара көрілген. Мамандар қалған 7 сауда нысанын тексеріп жатыр.

Қазақстан Президенті азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттағанын және үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шыққанын баса айтқан болатын. «Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр», – деді Президент.

Бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде реттеп отырудың тиімсіз жол екенін нарықтың өзі айқындап берді. Дәл қазір бағаны тұрақтандырмақ түгілі ауыздықтау қиын болып тұр.

2 БЕТТЕ

Жаңа оқу жылына мемлекеттік грант құжаттары қалай қабылданады? Қай мамандықтарға грант көп бөлінген және талапкерлер қай мамандыққа құжатты көп тапсыруда? Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осы мәселе сөз болды.

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА ТАЛАПКЕР КӨП?



Талапкерлердің IT саласына, педагогикалық және медициналық бағыттарға қызығушылығы басым екені байқалады. Ақпараттық-технологиялық мамандықты игеруде жастарға мүмкіншілік зор. Университет тарапынан кейбір әлеуметтік аз қамтылған және толық емес отбасыларға, бала күнінен мүгедек студенттерге, көпбалалы отбасыларға бірқатар жеңілдіктер қарастырылған.

– Қазіргі таңда университетте 8 мыңға жуық білім алушы бар. Осы жылы оқуын тәмамдап, дипломын алған 2159 түлектің 200-ге жуығы үздік диплом иегері атанды. Университетте 62 бакалавр, 36 магистратура және 13 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайды. Ал университетке құжат тапсыруға келетін жас талапкерлер легін қабылдауға университет мамандары толықтай әзір. Оқу орны мен мамандықтар, құжат қабылдау ережелері туралы туындаған сұрақтарға жауап беру үшін университет бойынша 24 техникалық хатшы жұмыс істеуде. Оқуға түсушілер үшін өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы дайындалған, – деді Жандос Нұртайұлы.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Кәсіп ашу десе көбіне базардағы сауда не киім сатуды елестететініміз рас. Алайда бұл түсініктің шегін бұзып, кәсіпкерліктің шексіздігін дәлелдеп жүргендер бар. Соның бірі – қала тұрғыны Әйгерім Бахтиярова.

ҮШ ЖҮЗ ТЕҢГЕЛІК КӘСІП

Қараөзек бекетінде дүниеге келген ол бала жастан әже тәрбиесін көріп, ісін өнеге тұтқан жан. Бүгінде кәсіп етіп соның берекесін көріп отырған тоқыма өнерін әжесінен үйренген екен. Бұл қызығушылығы кейін оқу, жұмыс, тұрмыс жайымен ұмыт болған.

– Осыдан 5 жыл бұрын тоқуға деген ерекше ықылас пайда болды. Солай кезінде сүйікті ісім болған тоқыма тоқуды қайта қолға алуды жөн көрдім. Кәсіп көзіне айналдырғым келді. Бірақ қолда қомақты қаражат болмағандықтан аз ақшамен бастайын дедім. Сөйтіп, 150 теңгеге қажетті сымды, 150 теңгеге жөкеге арналған жіп сатып алдым, – дейді Әйгерім бізбен әңгімесінде.

Осылайша бар-жоғы 300 теңгемен басталған кәсіп қажырлы еңбектің арқасында аясын кеңейтті. Алғашында қолдан тоқылған жөкені 600 теңгеге сатыпты. Мұндайда алғашқы тұтынушыңның ағайын-туыс болатыны анық. Әйгерімге де жақын жандары қолдау көрсеткен. Солай жөке туралы хабар жан-жаққа тарап саудасы жүре бастаған. Кәсібің оңға басып табыс түсе бастағанда оны жұмсағың келіп, кейде болмашыға жаратып қоятын сәттер болатынын кәсіпкерлер жиі айтады. Мұның арты тоқырауға әкелуі мүмкін. Сондықтан қандай кәсіп болсын түскен қаржыны айналымға салғаны дұрыс. Әйгерімнің бұл жағынан жолы болды. Әрбір сатылымнан түскен ақшаны босқа шашпай, жаңа өнім алуға жұмсады. Кішігірім кәсібі солай өріс алды

– 2021 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бизнес бастау» курсын оқып, 583 мың теңге көлемінде грант жеңіп алдым. Оған тоқыма машинасын сатып алдым. Осы орайда аталған кәсіпкерлік палатасына, әсіресе бөлім басшысы Гаухар Ыбырайқызына ерекше алғысымды білдіргім келеді. Кәсіп бастаймын деген азаматтарға қолдау білдіріп, ісімізге үнемі оң бағасын береді. Қазір қалада «Әйелдерді дамыту орталығы» ашылды. Сонда киім пішу, тігу курсын оқып жатырмын. Үнемі ізденіс үстінде болған дұрыс. Күн санап небір дүниелер тұрмысқа еніп жатыр. Соның бәрін болмаса да қажеттісін игеруіміз керек, – дейді кейіпкеріміз.

4 БЕТТЕ

БІЗДІҢ КЕЙІПКЕР

ТАҒДЫРҒА МОЙЫМАҒАН НҰРЛЫБЕК

Басына түскен қиындыққа қарсы тұрып, қайсарлығы талайды тәнті еткен жанның бірі – Нұрлыбек Байменов. Ол ойда жоқ та бір қолынан айырылып қалған. Қажырлы да қайсарлы жан оған қажымады. Керісінше алға ұмтылды. Бала-шағасын ешкімге мұқтаж етпеуді мақсат етті. Еңсесін көтеріп, көлік жөндеу орталығын ашты.

– Бала кезгі көлік айдап жүрсем деген арманым орындалмай қалды. Әйтсе де оған деген құмарым басылған емес. Бұзылған автокөліктерді өзім жөндей аламын. Техника тілін түсінгесін жаныма жаттығы жоқ. Осының өзі көлік жөндеу орталығын ашуыма сеп болды, – дейді ол.

Ол өзінен бөлек екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Еңбекақылары да жаман емес. Біз Нұрлыбектің қарамағында жұмыс істейтін Ғабит Әбдіқадыровты әңгімеге тарттық.

– Осында жұмыс істеп жатқаныма екі айға жуықтады. Еңбегімді адал тапқаныма дән ризамын. Нұрлыбек білмей жатқан жерімізді үйретіп, кеңес беріп отырады. Жұмыс уақытымыз да көңілге қонымды. Таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін жұмыс істейміз. Түскі ас барлығы қамтылған. Қазіргі өндірістен шығып жатқан техникалар дерлік заманауи үлгіде. Кей кезде автобөлшектерді басқа өңірлерден алдыртамыз. Сондай сәттерде көлік сәл тұрып қалады. Әйтпесе келген көлікті дер кезінде жөндейміз. Біз үшін ең маңыздысы уақыт үнемдеу, – дейді Ғабит Әбдіқадыров.

Нұрлыбек – Қармақшы ауданына қарасты Дүр Оңғар ауылының тумасы. Сол жерде өсіп, жетіліп, отбасын құрған. Өзі жеті ағайынды. Жұмыс таппай сенделіп жүрген кездері де жоқ емес. Шымкент қаласына дейін барып, біреудің жөндеу орталығында жалданып жұмысшы да болды. Алған ақшасы мардымсыз болғасын, өзі кәсіп ашуды мақсат тұтады. Сөйтіп ойлана келе Қызылорда қаласына қайта келіп, аукцион арқылы шағын жер алды. Бүгінде осында өз кәсібін жүргізіп жатыр.

– Жасыратыны жоқ, үкіметтен бір тиын ала алмадым. Бармаған жерім жоқ. Әрқайсысы әртүрлі сылтау айтады. Өзім үшінші топ мүгедегімін. Бала-шағамды асырау керекпін. Үйдің ер азаматы болғасын барлық жауапкершілік жүгі маған түседі. Балаларымның жүзіне қарап қажыр-қайрат аламын. Олар менің өміріме күш-қуат береді, – дейді Нұрлыбек бізбен әңгімесінде.

Екі қолы сау жігерлі жігіттердің жүрегі дауалай бермейтін зілдей темірлерді Нұрлыбек бір қолымен көтеріп кете береді. Оның бұл қайсарлығына таңданасың. Автокөліктің сан құраулы бөлшектерін жазбай танып, түрлі детальдан тұратын қосындыларын жаңылыспай іске қосып, ұршықша үйіріп жұмыс істеп жүр. Кәсіпкердің жұмысына қолдау көрсетіп отырған – отбасы, анасы, жұбайы, бауырлары. Әрқайсысы өз аттарынан несие алып берген. Барлығын Нұрлыбектің өзі төлеп отыр. Айына алты жүз мың теңге несие төлейтінін де айтып қалды. Өздері ашқан көлік жөндеу орталығы орналасқан көше жөнделсе деген бұйымтайын айтты. Біз көпке үлгі боларлық іспен айналысып жүрген азаматтың базынасын осылайша айна-қатесіз жеткізгенді жөн санадық.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

COVID-19: БЕТПЕРДЕ ТАҒУ КЕРЕК

Соңғы тәулікте аймақта коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегімен 40 жағдай тіркелді. Оның 32-сінде ауру симптомдары байқалған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шаймбетов айтты.

Инфекцияны жұқтыру дерегі қалада көп болып тұр. Одан бөлек Қазалы ауданында – 1, Сырдарияда – 2, Шиеліде – 5, Жаңақорғанда – 5 жағдай анықталған.

Мамандар коронавирус балалар арасында кең етек жайғанын айтады. Бұл жағдай іш өту белгісімен көрініс береді. Сондықтан балалардың қарапайым гигиена талаптарын сақтау керегін ескертеді. Сыр өңірі коронавирус көрсеткіші бойынша әзірге «жасыл аймақта». Алайда кеселдің күн санап белең алуы қауіпті күшейтеді. Осы орайда мамандар тұрғындарға топ томалақты азайтып, бетперде тағуды ұсынды.

Пандемиялық ахуал әлі де жалғасуда. Тұрғындар барынша сақтық шарасын ұстанып, вирустың алдын алуда екпе салдырғаны жөн. Бүгінде коронавирусқа қарсы екпенің I және II компонентін 500 мыңнан аса тұрғын салдырса, ревакцинациядан 229923 адам өткен. Сонымен бірге 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер Пфайзер екпесін салдырса, 2 мыңнан аса жүкті әйел мен бала емізуші 7080 ана вирусқа қарсы иммунитетін күшейткен.



Жалпы елімізде коронавирус инфекциясының таралу көрсеткіші жиілеп барады. Соңғы тәулікте вирус жұқтырғандар саны 2000-нан асқан. Жоғары көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген. Бүгінде ел астанасы «сары аймаққа» енді. Қауіпті вирустың таралуы өзге облыстарда да байқалады.

А.СЕЙІЛ

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕН БЕРДІ, АЙМАҚ ҚАЛАЙ ОРЫНДАП ЖАТЫР?

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ ДА КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕУ КЕРЕК

Дәл бүгінгідей қымбатшылық алқымнан алған тұста қарапайым адамның тапқан табысы да маңызды. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жұрттың табысы орташа республикалық деңгейге жетпейді. Мемлекет басшысы Қызылорда облысында халықтың табысы тіпті азайып кеткенін баса айтып, биыл мамыр айында азаматтардың нақты табыс көрсеткіші минус 2,9 процентке дейін төмендегенін және мұндай құлдырау көптен бері болмағанын назарға салды.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, халықтың табысын арттыру мәселесін көтерді. Расында, Қызылордада соңғы 2 жылда халықтың табыс көлемі төмендеп кеткен. Мәселен, 2019 жылы халықтың нақты қаржылық табысы алдыңғы жылмен салыстырғанда 109,4% болса, 2020 жылы өсу динамикасы біршама төмендеп, 103,8%-ті құрады. Жауапты сала басшылары тарапынан жіберілген кемшіліктер салдарынан 2021 жылы көрсеткіш тағы да төмендеп, 99,9%-ті көрсетті. Қазіргі таңда бұл бағытта нақты шаралар қабылдау қажет.

Облыс әкімі халықтың табысын арттырудың бірден бір жолы ретінде өңірде түрлі инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу қажет екенін алға тартты. Бұл ретте аймақта нақты жұмыстар басталды. Айталық, биыл Сыр өңірінде 30490 жаңа жұмыс орнын құру межесі белгіленіп, 6 ай ішінде 14423 жаңа жұмыс орны ашылды, оның ішінде 5491 тұрақты жұмыс орны. Аймақта инвестиция тартуға басымдық берілуде. 2022 жылдың І жартыжылдығының қорытындысы бойынша Сыр өңірі республикада алдыңғы бестікке еніп, 127,7 млрд теңгенің инвестициясы тартылды. Облыс әкімі Президент тапсырмаларын уақытылы әрі сапалы орындалуы қажет екенін қатаң ескертіп, өзінің тұрақты бақылауында ұстайтынын жеткізді.

Басы 1-бетте



АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ – ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІНІҢ БІРІ

Мемлекет басшысы кеңейтілген отырыста осылай айтқан болатын. Өкінішке қарай Қызылорда облысында ана мен бала өлімі көбейген. Жыл басынан бері 3 ана өлімі тіркелген. Өткен жылы 10 ана, 2020 жылы 12 ана қайтыс болды. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында айтылды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов 6 айда 113 нәресте шетінегенін мәлім етті.

– Биыл ана өлімі Арал, Қазалы ауданаралық ауруханасында және Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасында орын алды. Ал сәби өлімі бойынша тоқталсақ, 6 айда 113 нәресте шетінеп, көрсеткіш 1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 11,4 промильді құрады. Былтырғы 6 айда 94 жағдаймен 8,4 промильді құраған болатын. Салыстырмалы түрде алғанда 35%-ке жоғарылағаны байқалды. Негізінен, 61 жағдай, яғни 54 процентінде перинатальды кезеңдегі жағдайлар, 20 жағдай, яғни 17,7%-і – туа біткен аномалиялар, 11 жағдай немесе 9,7%-і – инфекциялық-паразитарлық себептер, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

Аймақ басшысы өңірде ана мен бала өлімінің көбейгені алаңдатып отырғанын жеткізді. Келеңсіз көрсеткішті төмендету мақсатында дер кезінде тиісті іс-шаралар атқармаған денсаулық сақтау басқармасының басшысын қатаң сынға алды. Сондай-ақ басқармаға мәселені шешетін кешенді жоспар әзірлеу үшін 10 күн уақыт берді.

– Тіркелген ана мен бала өлімі көрсеткішін тек табиғи факторларға, материалдық-техникалық базаға сілтеудің қажеті жоқ. Жауапкершіліктен құтылмайсыздар. Әрбір өлім-жітім – бір отбасының тағдыры, қасіреті. Бұл ретте, қысқа мерзімде көтерілген мәселе бойынша шұғыл және пәрменді шаралар қабылдауымыз қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 10 күн ішінде ана мен бала өлімін төмендету мақсатында сала мамандарымен және ғылыми қауымдастық өкілдерімен мәселені жан-жақты зерделеп, кешенді жоспар әзірлеп, бекітуді тапсырамын. Сонымен қатар жүкті әйелдерге қауіп факторларымен және ауыр экстрагенитальды патологиямен кеңес беру үшін республика деңгейіндегі білікті мамандарды тарта отырып, консилиумдар ұйымдастыру қажет. Жүкті әйелдерді уақытында есепке тұрғызу және балаларға патронаж жасау жұмыстарын күшейтіп, әйелдер арасында жүктілікті жоспарлау бойынша түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет, – деді облыс басшысы.

Қарап отырсақ ана өлімі де, шетінеген бала да аз емес. Әрбірінің артында ондаған отбасы қара жамылып, қасірет шегетінін ұмытпау керек. Алдағы уақытта жанды ауыртатын, жүректі езетін ана мен бала өліміне жол бермес үшін жауапты сала дұрыс жолды табады деген үміттеміз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ
Суреттер **Нұрболат НҰРЖАУБАЙДЫКІ**

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ – ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС НАЗАРЫНДА

Қоғамдық кеңестің жай-күйі қандай? Оған кімдер мүшелікке қабылдана алады? Осы және өзге де мәселелер төңірегінде қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаевпен өрбіген сұхбатымызды ұсынамыз.

– Серік Әбішұлы, қоғамдық кеңес ұйымында қанша адам тіркелген? Оның негізгі мақсаты қандай? Осыған тоқталып өтсеңіз…

– Қоғамдық кеңестің мақсаты – бұқара халықтың мұңын жоғарыға жеткізу. Ел көкейіндегі түйіткілді мәселелерді оңтайлы шешу. Соны мінбелерде ашық айтып, шешілу жолдарын қарастыру. Қазіргі таңда қалалық қоғамдық кеңес құрамында 19 мүше бар. Қоғамдық кеңестің отырысы айына бір мәрте өткізіліп тұрады. Қоғамдық кеңес бұл кез келген мәселелерге араласып, ұсыныстар беріп, қоғамдағы өзекті мәселелерге қандай да бір тараптардың көзқарасын өзгертуге атсалысады. Кеңес отырысында қоғамдық-саяси өмірде орын алып жатқан барлық проблеманы талқы-таразысына салып, оның шешілу жолдарын қарастырып, ұсыныстар жолдаймыз. Өз тарапымыздан айтылған бастамалар болады. Оның барлығын хаттама негізінде қағазға түсіріп, жауапты орындарға жолдаймыз. Осы мақсаттағы игі жұмыстарды атқарудамыз.

– Қоғамдық кеңес отырысында қандай бастама көтересіздер?

– Жоғарыда әр айда бір мәрте бас қосатынымызды айтып өттім. Біз өткізетін алқа отырыстарында қалалық әкімдікке қарасты басқарма мен мекемелер есеп береді. Күн тәртібіндегі сұрақтарды талқыға саламыз. Олардың базыналарын тыңдаймыз. Қандай да бір кезек күттірмейтін мәселені анықтап, қала әкімінің қарауына жолдаймыз. Не мәселе көтердіңіз, қандай проблеманы шештіңіздер деп сұрап жатырсыз. Қоғамдық кеңес тарапынан қаламыздағы ең өзекті болып тұрған қоғамдық көлік қатынасы, денсаулық, әлеуметтік мәселелер назардан тыс қалған емес. Бұдан бөлек жол, жарық, балалар ойын алаңы, жазғы тынығу лагері мәселесін де үнемі бақылауда ұстап, жауапты мамандар тарапынан орындалуын қадағалап жүреміз.

– Қазіргі қоғамдағы, яғни қаламыздағы ең өзекті болып тұрған мәселелер қандай?

– Қала аумағы жыл өткен сайын кеңейе түсіп, көлемі үлкейіп келеді. Жаңа шағын аудандар бой көтеріп жатыр. Сырдарияның сол жағалауына әлі де үлкен құрылыс жұмыстары жүргізілуі қажет. Мәселен, «Бәйтерек» шағын ауданындағы ішкі жұмыстары жол, жарық мәселесі одан бөлек қала орталығындағы атқарылуы тиіс жұмыстардың қай-қайсысы болсын өзекті деп санаймын. Ал осы айтылған ойлар іс жүзінде іске асырылуына қоғамдық кеңес тарапынан ұсыныстар беріледі. Бақылауда болады. Осылардың барлығын межелі мерзімде орындау да өзекті. Оларды бөліп-жаруға болмайды.

– Сіз облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасысыз. Қоғамдық кеңеске де төрағасыз. Екеуі екі сала. Қатар алып жүруге қалай уақыт табасыз?

– Ең алдымен, адам уақытын жоспарлау керек. Оны тиімді пайдалануға дағдыланған жөн. Қатып қалған қажетсіз қағидаға қадалмаған абзал. Мәселен, «сағат алты болды мен кеттім» дейтіндер бар. Ол – оның құқығы. Бірақ сағаттың алты болғанын күтпей-ақ, тірліктің барлығын тез тындыруға, сөйтіп өзіңе уақыт арнауға болады. Ардагерлер кеңесіне төраға болып 67 жасымда сайланыппын. Мұны айтып отырған себебім ардагердің жандүниесін толық түсінемін. Зейнет жасындағы адамға ең әуелі денінің саулығы керек. Арагідік ауырып қалғанда алатын дәрі-дәрмегі болса ол одан артығын сұрамайды. Ардагерлер ұйымы көптеген іс шара атқарып келеді. Мәселен, өткен жылы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп экскурсия ұйымдастырдық. Мереке күндері қарсаңында арнайы марапаттар табыстап келеміз. Сондықтан анау айтқандай ауырлық туғызады дей алмаймын. Екеуін де қатар алып келемін.

– Кеңес отырысында қаралған мәселелерге тоқталып өтсеңіз...

– Жаңа құрам қалыптасқалы 5 отырыс өткізіліп, 15 мәселе қаралды. 2 қоғамдық аралау жұмысы жүргізілді. Қалалық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қазіргі таңда өзекті болып отырған қалаішілік қоғамдық тасымалдау жұмыстарының барысы қаралды.

Осыған байланысты қоғамдық кеңес жанынан құрылған құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы және табиғат пайдалану мәселелері жөніндегі салалық комиссия мүшелері «Қызылорда автобус паркі» ЖШС жұмысымен танысты. Онда автобус паркінің алдағы жұмыс жоспарларымен танысып, жолаушылар тасымалындағы түйткілді мәселелерді шешуге бағытталған шараларды пысықтады. Қазіргі таңда автобус паркінің автобустарының 50 проценті ғана күнделікті қызмет көрсетуде. Бағыттарға орташа есеппен күніне 50 автобус шығарылып отырғанымен кейбірі бұзылып келуіне байланысты жүрген бағыттарынан алынуда. Бұған байланысты қалалық коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Б.Оспанов қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, мәселе жан-жақты талқыланды.

– Қоғамда мүмкіндігі шектеулі азаматтар мәселесі жиі көтеріліп жүр. Кеңес тарапынан бұған көңіл бөліне ме?

– Әрине. Сауалың өте орынды. Жақында осы мәселеге байланысты кеңес отырысы өткізілді. Отырыстың күн тәртібіне «Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» проблема көтердік. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар қоғамның айнымас бір бөлшегі саналады. Сондықтан олар тарапынан туындаған мәселе дер кезінде оңтайлы шешілуі тиіс деп санаймын. Бұл тұрғысынан кеңес құрамы іс ауқымын жан-жақты зерделеп, қағидаларын бекіту жолын қарастыруда. Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерді тіркеу бөлімі басшысының орынбасары А.Қиясова, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысы Ғ.Қожахметов хабарлама жасап, қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тұрар ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

БРИФИНГ

Жастарды тұрақты жұмыспен қамту – қаламызда жүзеге асып жатқан маңызды міндеттің бірі. Мемлекет осы бағытты назарға алып, тиісті бағдарламалар ұсынды. Соның нәтижесін жұмыссыз жастар көруде. Бұл туралы баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева кеңінен айтып өтті.

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – МАҢЫЗДЫ ІС

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы аясында жыл басынан бері 2327 адам қоғамдық жұмысқа орналасқан. Олардың жалақы көлемі – 20 АЕК, яғни 61 260 теңге төленеді.

– Қаламыздағы әлеуметтік жұмыс орындары бойынша 2022 жылы 55 мекемемен келісімшарт жасалып, 159 адам жұмысқа орналасты. Әлеуметтік жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген жандардың жалақысы 61 260 теңгеден аспайды. Жастар тәжірибесі арқылы 462 адамға жолдама берілді. Айлық табыстары 91 890 теңгеге дейін көтерілді. «Алғашқы жұмыс орны» жоба аясында 13 адам ғана жұмыспен қамтылып тұр. «Күміс жас» жобасы бойынша да 12 азамат жұмысқа орналасты. Алдағы уақытта межелеген жоспардың толығымен орындалуы – басты мақсат, – деді бөлім басшысы.

Сондай-ақ брифингте қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Жақсылық Төлегенов кәсіпкерлік белсенділікті арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Биыл «Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру» бағыты бойынша барлығы 814 адамға қаражат бөлінген. Бүгінгі уақытта көпшілік мемлекеттік грантты күтіп жүргені белгілі. Мемлекет беріп тұрған мүмкіндікті пайдаланып, кәсіп бастап, еңбек етемін деген ниеттілер көп. Дегенмен қаржының берілуі тамыз айында іске асуы мүмкін.

– Қазіргі таңда «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің осы жылдың 7 ақпанындағы №47 бұйрығына өзгерістер енгізілу үстінде. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін, яғни құқықтық акті заңды күшіне енгізілгеннен кейін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру жүзеге асырылмақ. Қазіргі уақытта қала бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу курстары арқылы «Пішуші» және «Электромонтаждаушы» мамандықтары бойынша барлығы 45 адам оқытылуда. Ал электрондық еңбек биржасындағы «enbek Skills» платформасында 1100 азамат онлайн оқытылды. Оның ішінде жұмыссыз ретінде тіркелген 549 азамат түрлі бағыттағы курстан өткен, – деді қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА ТАЛАПКЕР КӨП?

Брифинг барысында оқу орындарының виртуалды кеңселері қайта ашылғаны және қабылдау комиссиялары өтініштерді онлайн және офлайн форматта да қабылдап жатқаны айтылды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде талапкерлерді қабылдауға барлық жағдай жасалған. Арнайы орындықтар орнатылып, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылуда.

– Талапкерлердің IT саласына, педагогикалық және медициналық бағыттарға қызығушылығы басым екені байқалады. Ақпараттық-технологиялық мамандықты игеруде жастарға мүмкіншілік зор. Университет тарапынан кейбір әлеуметтік аз қамтылған және толық емес отбасыларға, бала күнінен мүгедек студенттерге, көпбалалы отбасыларға бірқатар жеңілдіктер қарастырылған, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Марат Мәлікұлы.

Жас талапкерлерге сұранысына сай кеңес беруге оқу орнының профессор-оқытушылары жұмыс істеуде. Алайда «құжатыңды оңай тапсырып беремін», «грантқа оқуға түсіріп беремін» деген алаяқтық әрекеттер де болып жатқаны айтылды. Сондықтан бейресми ақпаратқа сенбей қабылдау комиссиясының ресми ақпаратына сүйену керектігі айтылды. Айта кетейік, биыл оқуға түсушілер қатары көптігіне байланысты құжат қабылдау екі күнге ұзартылған.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

Инфляция, бағаның өсуі – әлемдік экономикадағы жағдай. Қоғамда баға неге қымбаттай береді деген сұрақ бар. Шынында баға неге өседі?

Тәуелсіз сарапшылар баға мәселесіне қатысты сараптамаларын жариялауда. Сарапшылардлың айтуынша, әлемде баға мен инфляцияның өсуін төрткүл дүниедегі ешбір ел бағындыра алмады. Бұл Қазақстанға да қатысты. Мәселенің мәнісі – тапшылық. Бағаны уақытша ұстау көп қаржыны талап етеді, алайда бұл тәсіл ел экономикасын сауықтыруға кері әсерін тигізеді. Әлемдік экономика пандемиядан кейін еңсесін тіктеп үлгермеді, 2022 жылдың салмағы да жеңіл болмады. Украинадағы соғыстан логистикалық тізбектер үзіліп, көлік қатынасы бұзылды. Бұл инфляцияның жаһандық өсуіне, баға өзгерісіне алып келді.

Баға неге өсе береді?

Сәуір айында дүниежүзілік банк азық-түліктің әлемдік бағасы шикізат бағасынан да асып түсіп, 20%-ке өседі деп болжады. Энергия ресурстарының бағасы 50 процентке өсті. Ресей мен Украинадан тасымалданатын азық-түлік тауарлары мен тыңайтқыш бағасы 2008 жылы қымбаттаған деңгейден де асып түсті. Мәселен, тыңайтқыш бағасы 100 процентке қымбаттады, бұл ауыл шаруашылығында тыңайтқыш қолдану деңгейін азайтып, өнім сапасын төмендететіні белгілі. Энергия тасымалдаушылардың баға өсімі өткен ғасырдың 1970 жылдарындағы мұнай дағдарысынан да асып түсті.

Өткен жылы әлемде энергия ресурстары екі есеге, тамақ өнімдері 31 процентке, жалпы азық-түлік бағасы 50 процентке қымбаттады. Қазіргі кезде Қазақстанда бағаның өсуіне базалық мөлшерлеме емес, теңге бағамы, сондай-ақ азық-түлік пен оны дайындауға арналған шикізат бағасының әлемдік өсу үрдісі әсер етуде.

Қазақстандағы базалық мөлшерлеме 14%, бұл әлемдегі ең жоғары мөлшерлемелердің бірі екені жасырын емес. Осыған орай коммерциялық несиелердің мөлшерлемесі 18-20%, Үкіметтің капитал тарту мөлшерлемесі – 14%, квазимемлекеттік сектор үшін – 16%. Баға өсімінің негізгі үлесін Ресейден импорттаған өнімдер құрайтындықтан, бір Ресей рублі үшін 9 теңгеге дейін қымбаттауы бағаға әсер етті. Базалық мөлшерлеме Ресей импортының бағасына мүлдем әсер етпейді. Бірақ бұл айналым капиталына әсер етеді. Бір айта кетерлігі, елде бір шыныаяқ кофе, бір келі май немесе еттің өзіндік құны туралы есептеулер жоқ. Бір кездері агрохолдингтер бір литр сүттің өзіндік құнын есептеді. Сонда 1 литр сүт үшін шикізат – 10-25% (Жем – 8-29%, отын мен энергия – 2-7%, қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды жөндеу – 0,4-2,5%), орау материалы – 10-25%, жалақы мен салықтар – 5-10%, маркетинг – 2-20% шығын жұмсалады екен.

Бағаны ұстап тұруға әсер ететін жалғыз нәрсе – айналым схемасы және тұрақтандыру қорлары. Айналым схемасы өндірушілерді арзан қаржыландыру үшін белгілі бір шарттарға міндеттейді. Тұрақтандыру қорлары тауарларды жинақтау схемасына сәйкес жұмыс істейді және сұраныс туындағанда оларды нарыққа «шығарады». Сауда және интеграция министрлігінің мәлімдемесі бойынша әлеуметтік маңызы бар өнімдердің жалпы тауар айналымындағы «айналым схемасын» қаржыландыру көлемі бар болғаны 4%-ті құрайды. Тұрақтандыру қорларының тиімді жұмыс істей алмай отырғанын Президент те сынға алған еді. Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасындағы өзгерістерге орай Мемлекет басшысы кейбір олқылықтарды атап айтты. «Қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отыр. Бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жетті. Жалпы азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шықты. Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр. Яғни қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүріп жатыр. Ал шын мәнінде, керісінше болуы керек.

Үкімет бар жауапкершілікті өңірлерге артып қойды. Олар әкімшілік ресурсты пайдаланып, дүкендерді аралап жүр, басқа тәсілдер және жаңа идеялар жоқ. Мұндай жұмыс ешқашан тиімді болған емес. Бір сөзбен айтқанда, нарық заңдылығына сай келетін жаңа ұстаным жоқ», – деді Президент.

Демек, ел экономикасына серпін берер жаңа көзқарас қажет. Әйтпесе баға дүкен аралаған шенеунікке бағынбайды.

Өткен жылы әлемде энергия ресурстары екі есеге, тамақ өнімдері 31 процентке, жалпы азық-түлік бағасы 50 процентке қымбаттады. Қазіргі кезде Қазақстанда бағаның өсуіне базалық мөлшерлеме емес, теңге бағамы, сондай-ақ азық-түлік пен оны дайындауға арналған шикізат бағасының әлемдік өсу үрдісі әсер етуде.

Ең бастысы да осы. Ел игілігін емес, өз құлқынының қамын ойлап, елдің ақшасын жымқырғандардың іс-әрекеті әшкереленіп, ұрланған ақша қазынаға қайтып жатыр.

Қайтқан малда қайыр бар…

Бұған дейін халықтан ұрланған ақша елге қайтар ма екен деген күмәнді ой қоғамда болмай қалған жоқ. Алайда Мемлекет басшысының нақты тапсырмасы көп ұзамай нәтиже бере бастады. Айта кетелік, өткен айда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізіп, арнайы құрылған комиссияға нәтижелі жұмыс болуын нықтаған еді.

«Жуырда менің Жарлығыммен экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы комиссия құрылды. Бұл комиссия заңсыз жылыстатылған қаражатты елге қайтарумен айналысады. Оның жұмысы ұдайы қоғам назарында болады. Халық бізден бос уәде емес, нақты нәтиже күтеді. Біздің мақсатымыз – айқын. Халықтан ұрланған активтерді елге қайтарып, әділдік орнатуымыз керек. Қазір, ең бастысы, жұмысты тиімді ұйымдастыру қажет. Комиссия мүшелері осы міндетті абыроймен атқарады деп сенемін. Президент Әкімшілігі барлық жұмысты бақылауда ұстайды», – деген еді Мемлекет басшысы.

Көп ұзамай комиссия жұмыс нәтижесін жариялай бастады. Құзырлы органның хабарлауынша, Қайрат Сатыбалдыға қатысты істі тексеру нәтижесінде «Қазақтелеком» және «Транспорттық қызмет көрсету» компанияларының ақша жымқыру ісі бойынша 36 млрд теңге қайтарылды. Ал Қаржылық мониторинг агенттігі Қайрат Боранбаевқа қатысты істі тергеп-тексеру барысында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясынан заңсыз алынған 11,3 млрд теңгені кері қайтарды. Қайрат және Гүлмира Сатыбалды, Қайрат Боранбаев, «ОператорРоп» істері бойынша анықталған 230 млрд теңге елге қайтарылды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшыларына қатысты қозғалған қылмыстық іс аясында БАӘ-ге заңсыз асырылған 3 млн АҚШ доллары кері қайтарылды. Ақша жымқырғандардың тізімі мұнымен аяқталмайды. Бас прокуратураның хабарлауынша, Шымкент сыра зауытының бұрынғы иесі Тоқтар Төлешовке тиесілі шипажай мемлекет қарамағына берілуі мүмкін. Виктор Храпуновтың Шығыс Қазақстанда орналасқан 8 жер телімін тәркілеу үшін іс қозғалған. Ел аумағында бұрын тәркіленбей қалған 36 нысанға ревизия жалғасуда. Халықаралық іздеудегі «БИПЭК» компаниялар тобының акционері Анатолий Балушкинге қатысты тың дерек жарияланды. Оның ісіне қатысты прокуратура Шығыс Қазақстанда орналасқан 77 жылжымайтын мүлікті сотқа дейін тәркілеу туралы қолдау хатты сотқа жолдаған. Сонымен қатар «Олимп» букмекерлік кеңсесінің заңсыз 5,5 млн доллардан астам ақшасы Ұлттық банкке аударылады. Ал «Қазфосфат» ЖШС басшылығына қатысты 140 млрд теңгеге заңсыз монополиялық кіріс алу фактілері анықталған. Қазір сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Қанттан кейін сүт…

Қымбат баға ызғары сүтке де соқпай кетпеді. Жыл басынан бері сүт бағасы 22 процентке қымбаттаған. Сарапшылар мұны өндірістің қысқаруымен байланыстырады. Ресми дерек көздеріне сүйенсек, 2022 жылғы қаңтар-мамыр айларында өңделген сүт пен кілегей өндірісі 235,3 мың тоннаны құрады, бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 7%-ке аз. Бұл 6 жылдық үздіксіз өсуден соң, көрсеткіштің төмендеуі екен. Сонымен қатар зерттеушілер сүт пен кілегей өндірісінің жартысы тек Солтүстік Қазақстан (75,7 мың тонна) және Алматы (44,2 мың тонна) облыстарына тиесілі екенін нақтылап отыр.

Сондай-ақ өндірістің айтарлықтай көлемі Ақмола (34,2 мың тонна) мен Қостанай облысында (28,5 мың тонна) байқалып отыр. Сарапшылар ішкі нарықта өткізу көлемі 3,7%-ға, 192 мың тоннаға дейін қысқарғанын, ал экспорт екі есе дерлік, 5,6 мың тоннаға дейін төмендегенін айтады.

Осы жылдың бірінші тоқсанында шикі сүтті тұтыну жан басына шаққанда орташа есеппен 3,5 литрді құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға аз.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті алдағы уақытта елдегі сүт зауыттарының жабылуы мүмкін екенін жазды. Мақалада сүт бағасының қымбаттауының бір себебі Ресейден әкелінетін қаптамалардың қымбаттағанынан екені айтылған. Жыл басынан бері сүт қаптамасы 135 процентке, шыны мен пластик қақпақтан тұратын қаймақ пакетінің бағасы 100 процентке қымбаттаған. Дәл қазіргі күні отандық сүт өндірушілер мемлекет қолдауын қажет етіп отыр. Әйтпесе сүт зауыттары жабылуы мүмкін. Енді қаптамадағы сүт бағасы қымбаттай берсе, қолдың сүті сұранысқа ие болатыны сөзсіз.

ӨҢІРДЕ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Өңірде жаңа зауыт салынбақ. Бұл туралы Қазақстан экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында белгілі болды. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Арал ауданы аумағында салынатын кальцийленген сода өндіретін зауыт салу үшін қажетті инфрақұрылымды қаржыландыру тетігін қарастыруды тапсырды. Бұл жобаны іске асыруға шамамен 140 млрд теңге инвестиция тартуға, 700-ден астам тұрақты жұмыс орнын құруға және жылына 300 мың тоннаға жуық өнім өндіру есебінен импортты алмастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЕСКІРГЕН НЕСИЕНІ ЕСІРКЕЙ МЕ?

Бюджет кодексіне «Үмітсіз берешек» түсінігі енуі мүмкін. «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасы «Ашық НҚА» сайтында жарияланған. Құжатта: «Елдің несие портфелін 90 жылдардағы өтелмеген қарыздармен байланысты мерзімі өткен берешектерден тазарту мақсатында «Үмітсіз берешек» түсінігі және олар бойынша кредиторлардың талаптарын тоқтату енегізілді» деп көрсетілген.



Қаржы министрлігі ұсынылған тұжырымдаманы былай түсіндірді: «Әңгіме халыққа (жеке тұлғаларға) берілген несиелер туралы емес. Әңгіме 90 жылдары тікелей бизнеске берілген бюджеттік кредиттер (кредитор – мемлекет, екінші деңгейдегі банктер емес) туралы болып отыр».

Айта кетелік, жыл басындағы мәлімет бойынша мұндай қарыз көлемі 120 миллиард теңгені құрайды.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ҮШ ЖҮЗ ТЕҢГЕЛІК КӘСІП

Қазір кейіпкеріміз жөкеден (мочалка) бөлек бас киім, күртеше, сөмке, кимешек, шәлі, тіпті аяқ киім тоқуды да қолға алған.

– Кимешек тоқуды бастағанмын. Өзі бір ерекше дүние. Одан бөлек тоқылған аяқ киімдерге сұраныс жоғары. Балаларға арналған күртеше, комбинезон, қалпақ, кеды тоқимын. Шығармашылығымда тоқыма сөмке де бар. Оның тоқылуы оңай. Бір күнде екі сөмке дайындауға болады. Мұның барлығына өнерді бағалайтын жандар тапсырыс береді, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің туындыларының ішінде ерекше көз тартқаны тоқыма аяқ киімдер болды. Оны өнердегі ұстазы Айша Құрманбекова сынды шеберден үйреніпті. Өзінің айтуынша, бұл ескі аяқ киімді қайта жаңғырту. Яғни күнделікті киетін жеңіл кеды, балетка сияқты аяқ киім тозығы жетсе де, кейде табаны жарамды күйде болады. Міне, сондай резеңке табанның үстіне біз арқылы жіп өткізіп тоқиды. Одан басқа өзінің арнайы желімін қолдану арқылы да ескіні жаңғыртады. Бұл ұзақ уақыт алады. Әрі сапаны талап етеді. Сондықтан кейіпкеріміз алдымен өзіне, жақын-жуығына тоқитын көрінеді. Сосын оның кигенде жайлылығын, жүріске қолайлылығын тексереді. Осыдан соң ғана тапсырыспен жаңа өнім шығарады. Аяқ киім тоқу оңай да шаруа емес. Өзі айтқандай ұзақ уақыт алады. Сондықтан бұл бағытты әлі де зерттеп, үйрену үстінде. Десе де үй тәпішкелерін тоқып, сатылымға шығарып үлгерген. Оның бағасы былтыр 3500-4000 теңгенің көлемінде болса, биыл 5 мың теңгеге жеткен. Әйгерімнің осы істі жіті зерделеп толық игерген соң, білгеніммен бөліссем деген мақсаты бар.

Кәсіпкердің қолынан шыққан туындының бірі – шәлі орамал. Бұл – үлкен сұранысқа ие дүние. Өткен жылы Шымкент қаласынан тапсырыс түсіп, көп мөлшерде шәлі тоқыған екен. Бұл тапсырыс биыл да жалғасын тауыпты. Жалпы кейіпкеріміздің қазіргі шеберханасы – өз үйі. Ал тұтынушылары әлеуметтік желі арқылы хабарласып, сұраныс береді екен.

– Тоқымаларымды инстаграм, фэйсбук әлеуметтік желісіне салып отырамын. Тұтынушыларым – сондағы оқырмандарым. Олар жылдар бойы тапсырыс беріп келеді. Кейде оның көптігінен үлгермейтін кездер болады. Уәде берген уақыттан кешігіп жатамын. Бірақ тұрақты тұтынушы түсіністікпен қарайды. Кәсібім солай қалыптасқан, – дейді Әйгерім.

Тұрақты тұтынушының болғаны еңбектің жанғаны десек, артық болмас. Кім болса да көз майын тауысып істеген жұмысының сәтті шыққанын, сұранысқа ие болғанын қалайды емес пе?! Бұл кәсіпті жүргізуде Әйгерімге жолдасы үлкен қолдау көрсетіп келеді. Атап айтқанда тапсырыс жіберу, күтіп алу сынды бөлігі сол кісінің жауапкершілігінде. Ештеңеге үлгермеймін, уақыт тапшы дейтіндерді кейіпкеріміз түсінбейді. Оның сөзінше, үлгеремін деген адам бәріне уақыт табады. Кейде телефонға телміріп босқа уақыт өткізетін келіншектерге қарап, шіркін мына кісінің уақытын маған берсе ғой деп армандайды екен. Ал басты арманы – осы кәсіпті әрі қарай жетілдіріп, өзінің шағын шеберханасын ашу. Өз брендін қалыптастыру.

Айдана СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

ТӘУІР ЛАГЕРЬ ҚАЙДА БАР?

Қызылорда қалалық қоғамдық кеңес мүшелері тынығу лагерьлерінің жай-күйін зерделемек болып «Зерентай», «Сыр төресі» лагерьлеріне бардық. Қала орталығында орналасқан «Сыр төресі» лагері 200 балаға лайықталған. Біз барған уақытта онда 90 бала болды. Оқушылардың жеке киім ілгіштері мен шкафтары жетіспейтіні көрініп тұр. Ауласында бір спорт алаңы ғана бар. Көгалдандыру жұмыстары жоқтың қасы. Бір сөзбен айтқанда, балалардың алаңсыз тынығуына толық жағдай жасалмаған. Лагерь басшысы Гүлсара Қаржаубаева кемшіліктердің жөнделетінін айтты.

Біз аялдаған келесі нысан – «Зерентай» тынығу лагері. Қала сыртында орналасқан бұл тынығу жайы оқушыларға лайықталғаны анық байқалады. Таза ауа, кең аумақта қаладан тысқары тұр. Балаларға қолайлы жағдай жасалған. Өз кезегінде лагерь директоры Ғанибек Отарбаев тынығу жайы әлі де дамитынын жеткізді. Бұл лагерьге баратын жолдың сапасы сын көтермейтінін де атап өткенді жөн көрдік.

Қалалық қоғамдық кеңес мүшелері лагерь жайын кезекті жиында да көтерді. Күн тәртібінде тұрған тақырып аясында ұсыныс айтылып, қала көлеміндегі лагерьлердің жай-күйі талқыланды. «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» жұмыстарының барысы туралы қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының қалалық комитеті филиалының төрайымы О.Әлімбетова мен қалалық білім бөлімінің басшысы болған Е.Боданов баяндама жасады.

– Балалардың жазғы уақытын тиімді ұйымдастыру білім бөлімі мен мектептердің міндетіне кіреді. Қазіргі таңда қала бойынша 1-10 сыныпта 66969 оқушы оқиды. Балалардың денсаулығын қадағалау және сауықтыру жұмыстарын жүргізуге жауапты медициналық қызметкерлер тәулік бойы қызмет жасайды. «Балалар жылы» аясында демеушілер есебінен аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан екі жүз баланы «Арай-Санрайз» лагеріне және оқу озаты болған жиырма баланы Көкшетау қаласына жіберу жоспарланып отыр. Сондай-ақ республикалық бюджет есебінен «Балдәурен» лагерінде 173 бала демалады деп күтілуде. Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлеріне 2 ауысым бойынша 14700 оқушы қабылданды. Биылғы маусымда 9800 баланы тарихи-танымдық экскурсиялармен қамту жоспарланған. Экскурсия барысында тарихи орындарға саяхаттап, оқушыларға туған өлке тарихы таныстырылмақ. Мұның барлығы бала санасының жақсы қалыптасуына оң әсерін тигізбек. Бұл бағыттағы шаралар жүйелі жалғаса беретін болады, – деді қалалық білім бөлімі басшысы.

Тынығу лагері болған соң атына заты сай болғаны жөн. Ең алдымен адамның ой санасы сергек болатындай тыныштықта болғаны абзал. Оған Сыр өңірінде лайықты жер өте көп. Жалпы айта кету керек, аймағымызда жақсы тынығу лагері екі ауданда ғана бар. Оның бірі – Жаңақорған ауданындағы тау етегінде орналасқан «Талдысу» лагері болса, екіншісі – Арал ауданындағы «Қамбаш» балаларды сауықтыру орталығы. Бұдан басқа лайықты лагерь жоқ десе де болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқата келе Қызылордаға типтік үлгідегі барлық жағдайы жасалған балаларға арналған тынығу лагері керек екенін айтқым келеді. Әлі де кеш емес. Биыл болмаса келер жылы осыны қолға алу керек. Ол үшін осы бастан істі қолға алған абзал. Сын түзелмей, мін түзелмейді. Айтылған ойдан жаңаша ой түю әркімнің өз еншісінде. Ал істің нәтижелі бітуін уақыт көрсетеді.

Жұмабек САДУАҚАСОВ,
қалалық қоғамдық кеңес мүшесі

Соңғы онжылдықта жасөспірімдер арасында субмәдениет едәуір өзгеріске ұшырады. Өскелең ұрпақтың қатарында батысқа еліктейтіндер артты. Олар өзара эмо, рэп, хиппи, рокер мен аниме фанаттары секілді топтарға бөлінеді. Соңғы уақытта К-POP фанаттары көбейді. Олардың қатарында тіпті 10-12 жасар жасөспірімдер де бар. Міне, осы субмәдениет біздің «қазақы» қоғамға қаншалықты сай?

ӨЗГЕГЕ ЕЛІКТЕУ БӘСЕҢДЕР ЕМЕС

К-POP ҚАЙДАН КЕЛДІ?

К-POP – 1990 жылдары Оңтүстік Кореяда кеңінен таралған музыка жанры. Мұндай әндер түрлі поп, хип-хоп, рок, джаз және R&B секілді жанрлардың қосындысынан тұрады. Міне, осындай ән орындаушылар қазіргі кезде өздерін «К-POP Idol» деп атап жүр. Кореяның ғана емес әлемдік шоубизнесте ойып тұрып орын алған бұл қозғалысты қолдаушылар қатары көп. Қазақстанда да аз емес.

Кореялық әншілерге еліктейтіндер қатарында жасөспірім қыз-жігіттер көп. Олар әншілердің карьерасын бақылап, өздері де киімін, жүріс-тұрысын соларға ұқсатады. Тіпті фанаттардың қатарында өзінің сүйікті әншісін бақылап, артынан із кесетіндер де болады екен. Кейбірі топтағы бір әншіге ғашық болып, одан құрастырылған махаббат оқиғасын, яғни «фанфик» жазады.

Мұндай қозғалыс Қазақстанда 2015 жылы басталып, ол Qazaq-POP, яғни Q-POP деген атау алды. Бұл музыкалық субмәдениет батыстық электропоп, хип-хоп, би, заманауи ырғақ пен блюз элементтерін біріктірді. Бұл қозғалыс та алғашқы кезеңде қоғамның қарсылығына тап болған еді.

Қоғам олардың әншілік өнеріне емес, сыртқы келбетіне қарсылық білдірді. Себебі бұл субмәдениетті ұстанушылардың имиджінде қазақ қоғамына қайшы келетін тұстары бар. Ерлер шаш бояп, сырға тақса, киімдері «қыздардыкіне» ұқсайды.

ОЙЫННАН ДА ОТ ШЫҒАДЫ

Жаһанда IT технология дамыған тұста «киберәлем» де алға ілгеріледі. Бүгінде еңбектеген баланың өзі телефонның тілін түсініп, өзіне қажеттіні таба алатын күнге жетті. Түнгі уақытта ойын орталықтарында уақыт өткізетін жастар да аз емес. Бұл да кейде кері әсерін тигізіп жатады.

Расымен, қоғамда соңғы кезде жауыздық көбейді. Адам өмірі құнын жоғалтып алғандай. Атыс пен шабыс туралы ақпаратқа қоғам елең етпейтін күнге жеттік. Бұған компьютерлік ойындардың әсері барын жоққа шығара алмаймыз. Себебі қазіргі ойындардың көбі атыс, өлімнен тұрады. Бүгінгі қоғамның балалары ойнайтын ойындардың ішінде шутер жанрындағылары көп. Міне, осы бір қару асынып атысатын ойын бала психологиясына әсер етпей қоймайды.

Сол себептен де соңғы уақытта оқушының мектепке карумен келуі, өз құрдастарына оқ ату сынды оқиғалар болды. Тіпті қазіргі жасөспірімдердің арасында «жауыздық» белең алды. Бұған ойынды тікелей кінәлай алмағанымызбен, әсері барын жоққа шығара алмаймыз. Өмірінде қарудың дауысын естімеген бала оқ атуды «көк жәшіктен» көргені анық. Ойында ойсыз өлтіре бергенді өмірде де оңай деп қабылдауы да содан.

Бұл ойындардың да батыстан бастау алғаны да рас. Құрлықтың ар жағында ойлап табылған бұл дүниелердің берер жақсылығы аз. Ал қатердің қатары сейілмей тұр. Демек мұның да қоғамға тигізер залалы бар.

СТАТИСТИКА СӨЙЛЕСЕ...

2019 жылы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары Қазақстандағы эмо, футбол фанаттары, рокер мен косплеер секілді субмәдениет өкілдерінің санын анықтаған. Зерттеу нәтижесінде сауалнамаға қатысқандардың 80 проценті өздерін еш субмәдениет өкілі санамайтынын айтқан.

Ал ең көбі футбол фанаттары екен. 14-18 жас аралығындағы балалардың 6,8 проценті ала доптың жанкүйері. Одан кейін геймерлер, яғни компьютерлік ойын фанаттары. Жасөспірімдердің 3,1 проценті ойын ойнағанды жақсы көретінін айтқан. Содан кейінгі тізімде 1,9 процентпен хип-хоп мәдениетін таңдаушылар мен 1,4 процентті құраған аниме фанаттары.

3 жыл бұрынғы сан бойынша рэпті тыңдаушылар ең көп аймақ Нұр-Сұлтан қаласы болса, футбол жанкүйерлері Қызылорда, Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарында көп екен. Ал киберспортты жаны сүйетін жандар көбіне Атырау мен Солтүстік Қазақстан аймақтарында кездеседі.

Сонымен қатар жастардан олардың субмәдениетке қатысу себебі де сұралған. Респонденттердің 57,7 проценті хобби, көңіл көтеру тәсілі деп жауап берген. Ал 14,2 процент субмәдениет өкілдері мұны «өмірдің мәні» деп қабылдайды-мыс. Қалған 11 проценті осылай уақыт өткіземіз десе, 10,8 проценті «сән үшін» деп жауап қайырған.

P.S. Өзгеге еліктеу бүгінде бәсеңдемей тұр. Күн санап түрлі субмәдениет өкілдерінің қатары артып келеді. Оның ішінде қаракөз қазақ балалары да бар. Ұлының құлағына сырға тағып, ер атына кір келтіргенін, қызының «қайдағы біреуге» еліктегенін кім қаласын? Бабаның салтын сақтамай, ар-ожданнан аттағаны кімге болса да пайда әкелмесі анық. Баланы бақылауда ұстау маңыздырақ. Үзілді-кесілді қарсы бола алмасақ та, шектен шықпауына жағдай жасап, оң мен солды айыра алатындай тәрбие беру маңызды. Фанатқа қанат бітіп, еліктеуге елітіп әкетпеуін қадағалау керек.

А.НҰР

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3649 **Тапсырыс №**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ